

Кредит желісін беру туралы келісімнің стандартты талаптары (Қосылу шарты)

Осы стандартты талаптарды (бұдан әрі – Қосылу шарты) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (бұдан әрі – Банк) кредит желісін беру туралы келісімді бекіту кезінде пайдалану үшін Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 389-бабында көзделген тәртіпте әзірлеген және Шағын, орта бизнес субъектілерін кредиттеу бағдарламалары бойынша Келісімнің стандартты талаптарын анықтайды.

Стандартты талаптар пайдаланылатын Келісім Банк пен заемшы (бұдан әрі – Заемшы) арасында кредит желісін беру туралы жеке келісімге (қосылу туралы өтініш) (бұдан әрі – Жеке келісім) қол қою арқылы бекітіледі.

Жеке келісім және Қосылу шарты бір-бірінің ажырамас бөлігі болып табылады және бұдан әрі бірлесіп Келісім деп аталады.

Егер Келісімде өзгесі көзделмеген болса, Келісімге қосарлы заемшы (бұдан әрі – Қосарлы заемшы) қатысқан жағдайда:

- 1) Келісімнің Заемшыға қатысты талаптары Қосарлы заемшыға да тең қолданылады;
- 2) Келісім мәтініндегі Заемшы мен Қосарлы заемшы бірге Заемшы деп аталады.

1-бап. Келісімнің жалпы талаптары

1.1. Банк Заемшыға Кредит желісін ашады және оның шеңберінде Заемшыға Құралдар береді. Кредит желісінің түрі (жаңартылатын/жаңартылмайтын), Құралдар түрлері Жеке келісімде анықталады.

Келісімді бекіту күні мен орны, оның нөмірі, Банк пен Заемшының (бұдан әрі бірге – Тараптар, ал жекелей – Тарап) деректері, мақсаты, сомасы, валютасы Жеке келісімде анықталады.

Кредит желісі бойынша Лимитті есепке алу үшін берілген Құралдар сомасы Лимит валютасымен Операция жүргізілетін күні Банкте белгіленетін бағам бойынша тіркеледі, бұл ретте Қолжетімді қаражат мөлшері Операция жүргізілетін күні ағымдағы бағаммен есептеледі және валюта бағамының әрбір өзгеру ретіне қарай Банк оған Лимит шегінде түзету жасап отырады.

Кредит желісінің мерзімі Жеке келісімде анықталады. Құралды пайдалану мерзімі Құрал сомасы Заемшының банктік шотына аударылған күннен басталады және осы Құрал бойынша Берешек сомасының барлығы Банк пайдасына оның шотына түскен күні аяқталады және бұл күндер жекелеген Қосымша шартта анықталады.

Банктің бенефициардың пайдасына шығарған банктік кепілдігінің қолданылу мерзімі Банктің уәкілетті тұлғаларының банктік кепілдікке қол қойған күнінен басталады және Банк акцептісі бар Заемшының өтінім-офертасында/Қосымша шарт пен банктік кепілдікте көрсетілген, Заемшының келісімшарт/конкурс/тендер бойынша бенефициардың алдындағы міндеттемелерді толық орындау күнімен /күнтізбелік күнімен аяқталады. Банктік кепілдіктің қолданылу мерзімі Заемшының келісімшарт/конкурс/тендер бойынша бенефициардың алдындағы міндеттемелерді толық орындау күнімен аяқталатын жағдайда, Банктің банктік кепілдік бойынша міндеттемелері мен Заемшының өтінім-оферта/Қосымша шарт бойынша міндеттемелері Банк (i) банктік кепілдіктің түпнұсқасын және /немесе (ii) бенефициардың қол қою мен мөрлері (болған жағдайда) үлгілері бар құжатпен бірге жүретін (қажет болған жағдайда) бенефициардың Банкті банктік кепілдік бойынша міндеттемелерден босату туралы жазбаша растауын алғаннан кейін орындалған болып есептеледі.

1.2. Құралдарды пайдаланғаны үшін сыйақы мөлшерлемесінің түрі (бұдан әрі – сыйақы), жылдық пайыздарда көрсетілген сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері, Келісім бекітілетін күнгі сыйақының салыстырмалы түрде есептелген нақты, жылдық, тиімді мөлшерлемесінің мөлшері (бұдан әрі – ЖТСМ), егер Келісімде сыйақының құбылмалы мөлшерлемесі көзделген болса, сыйақының құбылмалы мөлшерлемесін есептеу тәртібі Жеке келісімде анықталады.

1.3. Өтеу тәсілі Жеке келісімде анықталады.

1.4. Өтеу әдісі Жеке келісімде анықталады.

1.5. Құралдар бойынша берешекті өтеу кезектілігі Жеке келісімде анықталады.

1.6. Құралды қайтару және (немесе) сыйақы төлеу бойынша міндеттемелерін бұзған жағдайда, Заемшы Банкке тұрақсыздық айыбын төлейді, оны есептеу тәртібі және мөлшері Жеке келісімде көрсетіледі.

1.7. Құралдарды, соның ішінде банктік заемды (бұдан әрі сондай-ақ – Заем) беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты ұсталуы тиіс комиссиялардың және өзге төлемдердің толық тізімі, сондай-ақ олардың мөлшері Жеке келісімде көрсетіледі.

Құралдар бойынша берешекті және сыйақыны өтеу тәртібі, кезеңділігі, Келісім бойынша Қамтамасыз ету Жеке келісімде көрсетіледі.

Заемшы Қамтамасыз етуді ұсынуға, Қамтамасыз ету бойынша ескертулерді жоюға міндетті болатын мерзімді, мұндай беру / ескертулерді жою талаптарын Банк белгілейді немесе Келісімде немесе Заемшы орындауға тиіс болатын Банктің Заемшыға жазбаша хабарламасында белгіленеді.

Бұл ретте Заемшы:

- Заемшының ағымдағы шотында Жеке келісімде және (немесе) Қосымша шартта көзделген мерзімдерде Банктің пайдасына негізгі борышты және сыйақыны өтеу, пайыздарды, тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды), өзге де төлемдерді төлеу үшін жеткілікті сомада ақшаның болуын қамтамасыз етуге;

- жоспарлы төлем күні келген кезде Заемшының ағымдағы шотында жоспарлы төлем төлем кестесіне сәйкес өтелуі тиіс негізгі борышты, сыйақыны өтеу үшін жеткілікті ақша сомасының болуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Банк Құралды/Заемды/Берешекті өтеу үшін ақшаны Жұмыс күндері қабылдайды.

Жеке келісім және/немесе Қосымша шарт бойынша төлемдерді Заемшы Астана қ. уақытымен сағат 18.00-ге дейін жүзеге асырады. Егер Жеке келісім және/немесе Қосымша шарт бойынша төлем Астана қ. уақытымен сағат 18:00-ден кейін жүзеге асырылса, мұндай төлем келесі жұмыс күні жасалды деп танылады.

1.8. Жылжымалы мүлік кепілі туралы шарттар Банк пен кепіл беруші арасында мұндай шарттарға барлық Тараптардың қол қою қажеттілігінсіз жасалады. Кепіл беруші болып табылмайтын Заемшы кепіл туралы шарттардың талаптарын келісуге қатыспайды, бірақ осындай шарттардың көшірмелерін олардың талаптарымен танысу мақсатында ұсыну туралы өтінішпен Банкке жүгінуге құқылы. Жылжымалы мүлік кепілі туралы Банк пен кепіл беруші арасында мұндай шарттарға барлық Тараптардың қолы қоюынсыз жасалған шарттарды Тараптар тиісті түрде ресімделген, толық заңдық күшке ие және олардың талаптарына сәйкес Тараптар үшін заңдық салдары бар екенін мойындайды.

1.9. Заемшы Келісім бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, Банк қолданатын шаралар Жеке келісімде анықталады.

1.10. Келісімнің қолданылу мерзімі Жеке келісімде анықталады.

1.11. Келісім талаптарын бұзған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жеке келісімге сәйкес жауапкершілік арқалайды.

1.12. Заемшының Келісім бойынша жауапкершілігі еңсерілмейтін күш жағдайларымен шектелмейді, оларды Тараптар Келісімде тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Заемшыны жауапкершіліктен босатуға негіз болып танымайды.

1.13. Егер Құрал шетел валютасында берілген болса, Келісім және (немесе) Қосымша шарт бойынша тиесілі комиссиялар және тұрақсыздық айыбы Банктің төлем күніндегі есептік бағамымен теңгемен төленеді.

2-бап. Келісімнің өзге талаптары

1. Кредит желісі Заемшыға Келісімге сәйкес ашылады, бұл ретте:

1) банктік заемдар және банктік кепілдіктер түрінде Құралдарды беру Келісімге сәйкес:

Банк Заемшыдан алған жазбаша өтінімге (бұдан әрі – Құрал беру туралы өтінім) сәйкес жасалған Қосымша шарттың негізінде;

немесе Заемшының тиісті түрде жасалған және қол қойылған, Келісім шеңберінде заем беру туралы Банк алған өтініші (бұдан әрі – Өтініш) негізінде жүзеге асырылады. Банктің Өтініште

көрсетілген талаптармен кезекті заем беру бойынша әрекеті өтініштің акцептісі болады;

немесе Заемшының тиісті түрде жасалып, қол қойылған банктік кепілдік беру туралы шарт бекіту туралы Банк алған өтінім-офертасы (бұдан әрі – Заемшының өтінім-офертасы) және Заемшының өтінім-офертасында көрсетілген талаптарға сәйкес Банк банктік кепілдіктер шығару бойынша Банктің әрекеттері түріндегі Заемшының банктік кепілдік беру туралы шарт бекітуге өтінім-офертасының Банк акцепті негізінде іске асырылады.

Банктік ~~тендерлік~~ кепілдіктер бойынша Заемшының өтінім-офертасында көрсетілген талаптарға сәйкес Банктің банктік ~~тендерлік~~ кепілдіктер шығару бойынша әрекеттері Банк акцепті болып табылады, бұл ретте банктік ~~тендерлік~~ кепілдік беру туралы шарт, егер Банк күнтізбелік 10 (он) күн ішінде банктік кепілдік шығаруға кедергі келтіретін талаптар туралы (Келісімде көзделген тәсілмен) Аппликантқа хабарлама жібермесе және Заемшының өтінім-офертасының талаптарына сәйкес банктік тендерлік кепілдік шығару бойынша әрекет жасаса, бекітілген болып саналады.

Бұл ретте Банк өз қарауы бойынша Банктің банктік кепілдікті шығару бойынша іс-әрекеттер жасауынан бас тартуға құқылы.

Келісімнің шеңберінде және талаптары бойынша Қосымша шарттар олармен Келісім жасалған барлық тұлғалармен жасалмайды, Банкке Қосылу шартының осы бабының 1-тармағында көрсетілген Құрал беруге өтініммен жүгінген Заемшымен немесе Қосарлы заемшымен ғана жасалады.

2) өзге Құралдарды беру, егер Келісімде басқаша көзделмеген болса, Құралды беру туралы өтінім мен тиісті түрде бекітілген Қосымша шарттың негізінде Келісімге сәйкес іске асырылады.

Құралды беру туралы өтінішті/Заемшының өтінім-офертасын Заемшы, егер Тараптардың келісімімен, оның ішінде Келісіммен басқасы қарастырылмаған болса, Банк алған жағдайда, қайтарып алынбайтын болып табылатын, Құрал берілетін (ұсынылатын) күнге дейін, ал банктік кепілдік берілген жағдайда – банктік тендерлік кепілдік шығару бойынша Банктің әрекет жасау күніне дейін 2 (екі) Жұмыс күні бұрын кешіктірмей жібереді.

2. Құралды пайдаланғаны үшін сыйақыны есептеуге арналған мерзім нақты берілген Құрал сомасына, яғни Заемшы қазіргі уақытта қолданатын сомасына қатысты Құрал берілген күннен кейінгі күннен бастап саналады, бұл ретте аннуитетті өтеу кестесінде жыл 360 күнге тең деп, ал ай 30 күнге тең деп алынады. Негізгі борышты және нақты есептелген сыйақыны тең үлестермен өтеуді көздейтін өтеу кестесінде жыл 360 күнге тең деп саналады да, ай – Құралды нақты пайдаланған күндер санына байланысты қабылданады.

Тәуекелдер үшін комиссиялық сыйақы банктік кепілдіктің нақты қалдық сомасына және банктік кепілдікті пайдалану күндерінің нақты санына есептеледі, бұл ретте жыл 360 күнге тең деп, ал ай – банктік кепілдікті нақты пайдаланған күндер санына қарай қабылданады.

3. Заемшы Кредит желісін Лимиттің валютасынан басқа валютада игергенде Банк Операцияны жүргізу күнінде белгілеген бағам Банк Келісімді жасау күнінде белгілеген бағамға қатысты айтарлықтай (25 %-дан артық) өзгерген жағдайда, Банк Заемшының ақша ағындарының осындай өзгеріс болғанда Заемшының Келісім бойынша міндеттемелерін орындауға қатысты тұрақтылығын талдау бойынша Банктің уәкілетті органы оң қорытынды бергенге дейін Заемшыны қаржыландыруды тоқтатуға құқылы.

4. Банктің алдын ала жазбаша келісімсіз Заемшы Келісім бойынша (кез келген Қосымша шарт бойынша) үшінші тұлғаларға өз құқықтары мен міндеттерін беруге құқығы жоқ.

5. Өтініште, Заемшының өтінім-офертасында көзделген талаптарды өзгерту Өтініште және Келісімде қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Банктің қосымша Өтініш алуы арқылы іске асырылады. Өтініш талаптарын өзгерту Заемшы тиісті комиссиялар мен сыйақыларды Банк тарифтеріне сәйкес төлеген жағдайда ғана, сондай-ақ Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша өзге талаптарды орындау қажет болғанда және қажетті құжаттардың барлығы алынған кезде іске асырылады.

6. Банк Бенефициардың талабын (бұдан әрі – Талап) алған кезде Банк Заемшыға Талаптың түскені туралы хабарлама жібереді. Заемшы Банк Заемшының атына хабарлама жіберген күннен бастап 2 (екі) Жұмыс күні ішінде, бірақ Талапты төлеу күнінен кешіктірмей, Банктің алуы және бенефициардың пайдасына төлем жүргізу мен Банктің комиссиялары, сыйақылары мен шығындары бойынша Заемшының Берешегін өтеу үшін Жеке келісімде көрсетілген өзінің банктік шотында, Келісіммен, Банк акцептісі бар Заемшының өтінім-офертасымен/Қосымша шарттармен/Банк

тарифтерімен қарастырылған Банктің комиссияларын, сыйақылар мен шығындарын ескере отырып Талап сомасын толық көлемде қамтамасыз ету арқылы Талапты қанағаттандыруға міндетті.

7. Банк банктік тендерлік кепілдікті беріп, Заемшы Талапты қанағаттандырмаған немесе толық көлемде қанағаттандырмаған жағдайда, Банк ақша сомасын Талапқа сәйкес өз қаржысы есебінен бенефициардың пайдасына аударады. Заемшы 3 (үш) Жұмыс күні ішінде Банктің Талап бойынша төлеген сомасының барлығын, сондай-ақ Банк шеккен шығындардың барлығын, Келісіммен/Банк акцептісі бар Заемшының өтінім-офертасымен, Қосымша шартпен /Банк тарифтерімен қарастырылған комиссиялар мен сыйақыны Банкке өтеуге немесе сол мерзімде Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 725-бабына сәйкес Банктің талаптарында Банкпен банктік заем шартын бекітуге міндетті.

Бұл ретте Банк Талапты орындаған сәттен бастап және банктік заем шартын бекіту /қол қою сәтіне дейін есептелген, банктік заем шарты бойынша заемды пайдаланғаны үшін сыйақыны Заемшы банктік заем шартын бекіту /қол қою күні Банктің тиісті соманы Заемшының банктік шоттарынан акцептісіз алуы арқылы төлейді. Заемшы банктік заем шартын Қосылу шартының осы тармағына сәйкес бекітуден бас тартқан жағдайда, Банк Келісімнің талаптарына, оның ішінде Қосылу шартының 6-бабы 2-тармағының 10) және 11) тармақшаларына сәйкес бенефициардың алдында банктік кепілдік бойынша Банк орындаған міндеттеменің, сондай-ақ Банк шеккен шығындардың барлығын, Келісіммен/Банк акцептісі бар Заемшының өтінім-офертасымен/Қосымша шартпен/Банк тарифтерімен қарастырылған комиссиялар мен сыйақылар көлемінде Заемшыға талап ету құқығын пайдалануға құқылы.

Банк банктік тендерлік кепілдікті қоспағанда, банктік кепілдікті берген жағдайда және Заемшы өзінің банктік шотында Талап сомасының болуын Қосылу шартының осы бабының 7-тармағында қарастырылған тәртіпте толық көлемде қамтамасыз етпеген жағдайда, Заемшының Банк алдындағы міндеттемесі қысқа мерзімді заемды Талап сомасына Келісіммен, Банк акцептісі бар Заемшының өтінім-офертасымен/Қосымша шартпен қарастырылған талаптарда қайтару бойынша міндеттеме ретінде болып табылады және есептеледі.

8. Банктің бенефициар алдындағы міндеттемелері банктік кепілдік сомасын төлеумен шектеледі және мұндай төлем бірнеше немесе біржолғы төлеммен, ішінара немесе толық іске асырылатынына қарамастан шектеледі.

9. Посттендерлік банктік кепілдіктер мемлекеттік сатып алу шеңберінде шығарылған жағдайда және бұл ретте банктік кепілдіктер сомасына келісімшарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы, аванс сомасы мен демпингке қарсы шаралар қолдану бойынша қамтамасыз ету сомасы кіретін болса, Банк Талап ұсынуға әкеп соқтырған жағдайдың туындауына қарамастан, Талаптың барлық сомасын төлеуді іске асырады.

10. Заемшының өтінім-офертасын Банктің алуы және Банк акцептісін Банктің беруі (оның ішінде банктік кепілдік сомасының мөлшері, банктік кепілдіктің қолданылу мерзімі бойынша және т.б.) арқылы бекітілген банктік кепілдік беру туралы шарттың талаптарын өзгерту Заемшының өтінім-офертасымен, Банк акцептісі мен Келісіммен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Заемшының қосымша өтінім-офертасын Банктің алуы және Банктің оған Банктің жазбаша акцептісін немесе банктік тендерлік кепілдікке қосымша парақ шығару бойынша Банктің әрекет жасауы түрінде Банк акцептісін беруі, сондай-ақ қажет болған жағдайда, Банктің банктік кепілдікке қосымша парақтар шығаруы арқылы іске асырылады. Банктік кепілдіктің талаптарын өзгерту Заемшы тиісті комиссиялар мен сыйақыларды Банк тарифтеріне сәйкес төлеген жағдайда ғана, сондай-ақ Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша қажет болғанда және қажетті құжаттардың барлығы алынған кезде іске асырылады.

Тиісті Қосымша шарт бекіту арқылы банктік кепілдік беру туралы шарт бекіткен жағдайда, Қосымша шарт талаптарын өзгерту Тараптардың Қосымша шартқа қосымша келісім бекіту жолымен іске асырылады.

11. Келісім шеңберінде ұсынылатын банктік кепілдіктер шартсыз болып табылады, бұл Банктің бенефициардың бірінші талап етуімен орындалуы тиіс дегенді білдіреді. Банк ұсынған банктік кепілдікке байланысты, Банктің бенефициардың талабын орындау барысында Заемшыда туындауы мүмкін наразылықтардың барлығын Заемшы тікелей бенефициардың атына жолдайды.

12. Банк Келісім және Қосымша шарттар бойынша құқықты (талап етуді) үшінші тұлғаға беру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен Келісім және Қосымша шарттар

шеңберінде Банктің Заемшымен өзара қарым-қатынастарына қатысты қойылатын талаптар мен шектеулер Заемшының құқық (талап ету) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынастарына қолданылады.

13. Заемшы жоба бойынша ескертулерді жою бойынша мерзімді, осындай ұсынудың/ескертулерді жоюдың талаптарын қоса, бірақ мұнымен шектелмей, мәліметтерді, құжаттарды Банкке ұсынуы тиіс мерзімді Банк белгілейді және Заемшыға Жеке келісімнің ажыратылмас бөлігі болып табылатын және Заемшы сөзсіз орындауы тиіс жабаша хабарлама жолдау арқылы хабарлайды.

3-бап. Кредиттеудің жекелеген талаптарын өзгерту

Банк «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» заңның 34-бабының 3-тармағында көзделген Заемшы үшін Келісім талаптарын жақсарту жағдайларында, оларды біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы.

Банк Келісім бойынша жақсарту талаптарын қолданған жағдайда, Банк Заемшыны Келісім бойынша жақсарту талаптарын қолдану туралы Келісімнің 7-бабының 2-тармағында көрсетілген әдістердің бірімен олардың болжалды күшіне енуіне дейін күнтізбелік 14 (он төрт) күннен кешіктірмей хабардар етеді.

Егер Банк көрсетілген мерзімде Заемшыдан Келісім бойынша Банк ұсынған жақсартатын талаптардан жазбаша бас тартуды алмаса, оларды Заемшы қабылдаған болып саналады.

Бұл ретте Заемшыдан немесе Қосарлы заемшыдан/Қосарлы заемшылардың кез келгенінен жазбаша бас тартуды алған жағдайда, мұндай талаптарды Заемшы да, Қосарлы заемшы да/барлық Қосарлы заемшылар да қабылдамаған деп саналады.

4-бап. Қаржыландыруды мерзімінен бұрын қайтару, бас тарту және тоқтата тұру

1. Заемшы алдын ала жазбаша немесе өзге тәсіл арқылы Банкке:

- бір Жұмыс күні бұрын;

Құралды беруге қатыспаған, сәйкесінше Жеке келісімде және/немесе Қосымша шартта көрсетілмеген Банктің аудандық басқармасына және (немесе) Банктің өзге облыстық/өңірлік филиалына 2 (екі) жұмыс күні бұрын хабарлап, Қосымша шарт бойынша Құрал сомасын (толық немесе ішінара) Банктің жазбаша келісімімен мерзімінен бұрын қайтаруға құқығы бар.

2. Заемшы, егер Тараптар өзге мерзімді белгілемесе, мерзімінен бұрын төлем жасалатын күннен бұрын 3 (үш) Жұмыс күнінен кешіктірмей, Банкті мұндай төлем жасау туралы хабардар ете отырып, кез келген Қосымша шарт бойынша Банкке тиесілі сыйақы сомасының барлығын мерзімінен бұрын төлеуге құқылы.

3. Негізгі борышты қайтару бойынша Берешекті мерзімінен бұрын ішінара өтеген кезде ең бірінші төленетін төлемнің мөлшері ғана өзгертілетін негізгі борышты тең үлестермен өтейтін Төлемдер кестесі үшін Заемшы кесте бойынша ең алдындағы бірінші төлемді азайта отырып ішінара мерзімінен бұрын өтеуге жазбаша өтініш берген кезде немесе Банкпен келісілген өзге тәсілмен, Төлемдер кестесіне өзгерту енгізу талап етілмейді.

4. Банк кез келген уақытта Заемшының Келісім негізінде барлық ұсынылған Құралдар бойынша барлық берешегін мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге құқылы. Бұл үшін Банк Заемшыға мұндай өтеу күніне дейін кемінде 10 (он) ай бұрын талап жібереді. Заемшы Келісім негізінде ұсынылған Құралдар бойынша өз берешегін Банк талабында көрсетілген мерзімінен бұрын өтеу күніне дейін біржолғы төлеммен немесе ішінара өтейді. Құрал сомасын осылай мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбы алынбайды.

5. Заемшы Қосылу шартының осы бабының 4-тармағына сай Банк талабын алған кезде Заемшы Банкке Келісімде көрсетілген және жылдық 1 % (бір пайызға) азайтылған сыйақы мөлшерлемесі бойынша сыйақы төлейді. Заемшы бұл сыйақыны Банк талабында көрсетілген күннен бастап талапта көрсетілген Келісім бойынша барлық берешекті өтеу сәтіне дейінгі кезең аралығында төлейді.

6. Банк:

төменде берілген негіздемелердің кез келгені орын алғанда:

1) Заемшы Келісім бойынша және (немесе) Қосымша шарт бойынша міндеттемелерді орындауды мерзімінен кешіктіргенде;

2) Құрал сомасын қайтару бойынша міндеттемелерді орындаудың тиісті түрде ресімделген қамтамасыз етуі ұсынылмағанда;

3) Қамтамасыз етуді ұсынған тұлға Қамтамасыз ету шарты бойынша өз міндеттемелерін бұзуға жол бергенде;

4) Заемшының немесе Кепіл берушінің мүлкіне үшінші тұлғалар тыйым салғанда, иелік етуге шектеу қойғанда немесе өндіріп алу қолданылғанда;

5) қамтамасыз ету жоғалған, жарамсыз болып шыққан және оның орнына Заемшы Банктің талаптарын қанағаттандыратын өзге де қамтамасыз етуді ұсынбаған жағдайда;

6) Заемшы Келісім және/немесе Қосымша шарттар бойынша Заемшының жиынтық берешегінің 5 % (бес пайызын) және одан артық пайызын құрайтын сомаға талап қойылған сот процесіне жауапкер ретінде тартылғанда;

7) кепіл берушінің кепіл мәніне меншік құқығына дау айту туралы Қамтамасыз етуді ұсынған адам сот процесіне тартылғанда;

8) Құралы ұсыну Заемшымен байланысты борышкерлердің тобы бойынша бір заемшыға тәуекелдің мөлшері бойынша заңнама бекіткен шектеудің ең үлкен мөлшерінен асуға әкеліп соққанда;

9) Заемшы өзінің қаржылық жағдайына қатысты шынайы емес мәліметтерді ұсынғанда;

10) уәкілетті органның нормативтік құқықтық акті талаптарына және халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарына сәйкес келетін Банктің ішкі кредиттік саясатына сай Банк жүргізетін мониторинг нәтижелері бойынша анықталған Заемшының қаржылық жағдайы нашарлағанда;

11) үшінші тұлға Заемшыны немесе Кепіл берушіні банкрот деп тану туралы талап ұсынғанда немесе сот шешімі бойынша банкроттық немесе оңалту барысында қолданылатын кез келген рәсім жүргізілгенде;

12) Келісімді және (немесе) Қамтамасыз ету туралы шартты толығымен немесе бөлігін жарамсыз және (немесе) бекітілмеген деп тану туралы немесе талап арыз ұсынылғанда және немесе даулағанда немесе көрсетілген жағдайлардың пайда болу қаупі бар болғанда;

13) Заемшымен үлестес (байланысты) үшінші тұлғалар Банк алдындағы міндеттемелердің ең болмаса біреуін бұзғанда;

14) Заем беру Банктің пруденциалдық нормативтерді сақтау туралы талаптарды қоса алғанда, осындай бұзушылықтың ықтималдығын сақтау кезеңінде Қолданылатын құқықты бұзуына алып келсе;

14-1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тиісті тексеру жөнінде шаралар қолдану мүмкін болмаған жағдайда, сондай-ақ Заемшы іскерлік қатынастарды қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланады деген күдік болған жағдайда;

14-2) шот бойынша шығыс операциялары қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында жасалады деген күдік туындаған жағдайда;

14-3) Заемшы Келісіммен берілген растауларды бұзуға жол бергенде және (немесе) Банкте Құралды Заемшы осындай бұзушылықтарға әкеп соғуы мүмкін мақсаттарда пайдалана алады деп пайымдауға негіздер болғанда;

14-4) Заемшы мемлекеттік кірістер органында жеке кәсіпкер ретінде тіркеу есебінен шығарылғанда;

14-5) Заемшы уәкілетті органға «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер бойынша соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы өтінішпен жүгінген кезде;

15) Заемшы Келісімнің немесе Банкпен жасалған басқа шарттың өзге талаптарының (соның ішінде Келісім бойынша ковенант ережелерін бұзғанда) бұзылуына жол бергенде, соның ішінде Заемшы кез келген үшінші тұлғалар алдында қандай да бір келісім (шарт) бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайларда;

уақыт өте жоғарыда аталған оқиғаларға, Келісім бойынша міндеттемелердің, соның ішінде Келісім бойынша ковенанттардың және Банкпен жасалған басқа шарттар бойынша міндеттемелердің орындалмауына және/немесе тиісті түрде орындалмауына әкеліп соғуы мүмкін

оқиғалар пайда болғанда немесе әрекеттер орындалғанда, Заемшыға Заем беруден бас тартуға және/немесе есептелген сыйақымен қоса мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге немесе ары қарай қаржыландыруды тоқтата тұруға құқылы.

7. Заемшы Келісімде көзделген міндеттемелерді бұзған жағдайда:

1) Заемшының Келісім бойынша барлық міндеттемелерін орындау мерзімдері басталды деп танылады және Банк олардың орындалуын талап етуге құқылы;

2) Банк Қамтамасыз етуден, сондай-ақ Заемшының кез келген өзге мүлкінен құн өндіріп алуды қолдануыға құқылы.

8. Қосылу шартының осы бабының 6-тармағының 1), 3), 7) және 12) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, Банк өз қарауы бойынша Қосылу шартының осы бабының 7-тармағында көрсетілген құқықты пайдалануға немесе Заемшыдан Қамтамасыз ету мәнін қалпына келтіруді (ол қолданылатын жағдайда) немесе Қамтамасыз етуді ауыртпалық салынбаған, тең бағалы және өтімді басқа Қамтамасыз етумен алмастыруды немесе Банк келісетін қосымша Қамтамасыз етуді ұсынуды талап етуге құқылы.

5-бап. Қаржы ақпараты

Заемшы Банкке:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құрамда және нысандар бойынша жылдық қаржы есептілігін, егер Қолданылатын құқықта өзге мерзім анықталмаса, әр қаржы жылы аяқталған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен кешіктірмей ұсынуға міндеттенеді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құрамда және нысандар бойынша тоқсан сайынғы қаржы есептілігін, оның ішінде шоғырландырылған қаржы есептілігін, егер Банк қаржы есептілігінің өзге кезеңділігін немесе оны берудің өзге мерзімін анықтамаса, мұндай тоқсан аяқталған күннен бастап 20 (жиырма) Жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынуға міндеттенеді;

3) Банктің талап етуімен – Банк Келісім шеңберінде және Қолданылатын құқыққа сәйкес сұратуы мүмкін, оның ішінде Банк анықтаған күнге және нысан бойынша, тәуелсіз аудитор растаған қаржы есептілігін, Заемшының қаржылық жағдайын (қаржылық көрсеткіштерін) сипаттайтын өзге есептілікті және басқа ақпаратты ұсынуға міндеттенеді. Заемшы Келісім бойынша міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, Банк жүргізу шығынын Заемшы көтеретін, өз бетінше аудит жүргізуді тағайындауға құқылы;

4) Банк анықтаған кезеңділікпен және Банк талабымен кез келген басқа уақытта – Заемшының бюджет алдында берешегінің бары/жоғы жөнінде құжатты ұсынуға міндеттенеді.

Есепті кезеңде қаржылық жағдайдың өзгерістері, тәуекелдері және/немесе нашарлауы басталған кезде есептілік құжаттамамен бір мезгілде Заемшы Банкке қаржылық жағдайдың бастапқы көрсеткіштерден (Келісім жасасу кезінде болған) ауытқуының мәнін егжей-тегжейлі баяндай отырып, түсіндірме жазбаны ұсынады.

Заемшы Банкке ұсынылған қаржы есептілігінің, оның қаржылық ахуалын (қаржылық көрсеткіштерін) сипаттайтын өзге есептіліктің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетініне және дұрыс болып табылатынына кепілдік береді және куәландырады.

6-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері. Банкке арналған шектеулер

1. Заемшы:

1) егер негізгі борышты және (немесе) сыйақы төлеу күні демалыс немесе мерекелік күнге сәйкес келетін болса, тұрақсыздық айыбын және айыппұл санкцияларының өзге түрлерін төлеместен, оны келесі жұмыс күні төлеуге құқылы. Бұл ретте сыйақы төлем күні орын алған Құралды нақты пайдаланған күнге байланысты төленеді;

2) Келісім және Қосымша шарт бойынша берешек сомасын өтеу ретінде шотқа түсіп отыратын ақша түсімін ажыратып бөлу (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына және өзге де айыппұл санкцияларына, сондай-ақ басқа да төленуге тиіс сомаларға ажырату) туралы ақпаратты өтініш бойынша үш жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде, жазбаша нысанда, айына бір реттен асырмай, ақысыз алуға;

3) Келісім және Қосымша шарт бойынша берілген ақшаны ішінара немесе толығымен қайтару туралы Банкке берілетін өтінішке сәйкес – үш Жұмыс күнінен аспайтын мерзімде негізгі

борышқа, сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлдар мен өзге де айыппұл санкцияларына, сондай-ақ басқа да төленуге тиіс сомаларға бөлінген, қайтарылуға тиіс ақша сомасының мөлшері туралы жазбаша, ақысыз мәлімет алуға;

4) Жеке келісімде және Қосылу шартының 4-бабының 1-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес, бірақ кез келген жағдайда 1 (бір) жылға дейінгі мерзімге берілген Құралды алған күннен 6 (алты) ай өткеннен кейін, 1 (бір) жылдан көп мерзімге берілген Құралды алған күннен 1 (бір) жыл өткеннен кейін мерзімінен бұрын өтеу үшін тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін төлеместен, Құралдар бойынша Берешекті ішінара немесе толық көлемде мерзімінен бұрын өтеуге;

5) Банктің Келісім және (немесе) Қосымша шарт талаптарын Заемшы үшін жақсарту жағына қарай өзгерту туралы жазбаша хабарламасын алған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде Банк ұсынған жақсарту талаптарынан бас тартуға;

б) пайдаланылатын қызмет түрлері бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Банкке жазбаша өтініш беруге **құқылы**.

2. Банк:

1) Заемшы Келісім бойынша міндеттемелерін бұзған жағдайда, Келісімде және (немесе) Қосымша шарттарда көзделген тәсілмен Заемшыға талап жолдап немесе өзге әрекеттерді орындап: Қолжетімді қаражат сомаларын жойылған деп жариялауға және (немесе);

Заемшыдан барлық Құралдар мен Берешекті, сондай-ақ Банк алдындағы кез келген басқа міндеттемелер бойынша орындау сомаларын 2 (екі) Жұмыс күні ішінде жиынтық соманы біржолғы төлеммен қайтаруды талап етуге;

ұсынылған Қамтамасыз етуден (кез келгенінен) күн өндіріп алуды қолдануға немесе Қолданылатын құқықта белгіленген тәртіпте Қамтамасыз етуге қатысты қолданылатын өзге құқықтарды қолдануға және (немесе);

Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Келісімде және (немесе) Қосымша шартта көзделген өзге шараларды қолдануға;

2) Заемның нысаналы мақсатына сай қолданылуын тексеруге;

Кепіл берушінің тиісті кепіл туралы шарт (Қамтамасыз ету шарты) бойынша Банктің кепіл мәнінің болуын және түгелдігін тексеру құқығын орындау мәселесінде кедергі келтірген жағдайда, Банкке кепіл мәніне қатысты тиісті құжаттарды және ақпаратты ұсынбаған жағдайда, Заемшыдан Келісім бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауды талап етуге, егер бұл талап қанағаттандырылмайтын болса, кепіл мәнінен күн өндіріп алуды қолдануға;

3) Заемшы заемның кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу мерзімін күнтізбелік 40 (қырық) күннен аса уақытқа бұзған жағдайда, заемды мерзімінен бұрын қайтаруды және сыйақы төлеуді талап етуге;

4) Заемшыда бір уақытта бірнеше банктік заем шарты және/немесе кредит желісін беру туралы келісімдері бойынша мерзімі өткен берешектері болған кезде, берешекті Банк өз бетінше анықтаған тәртіпте өтеуге;

5) Заемшы Келісім және (немесе) Қосымша шарт талаптарына сай сыйақы төлеу міндеттемесін бұзған жағдайда, сыйақыны, жоғары сыйақыны және басқа айыппұл санкцияларын есептеуді тоқтатуға;

б) Заемшыдан оларды қамтамасыз ету үшін банктік кепілдік шығарылған келісімшарт/конкурс/тендер талаптарын орындауға қатысты ақпарат пен құжаттарды талап етуге;

7) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» заңында көрсетілген тұлғаларға, соның ішінде коллекторлық агенттіктерге, Заемшының қандай да бір келісімінсіз Келісім және Қосымша шарттар бойынша өз құқықтарын беруге және міндеттерін тапсыруға;

8) шетел валютасындағы берешекті өтеу үшін Заемшының банктік шоттарынан Банк ақшаны теңгемен алған жағдайда, сондай-ақ шетел валютасындағы берешекті өтеу үшін Заемшы Банкке ақшаны теңгемен аударған жағдайда, сондай ақшаны шетел валютасына айырбастауды Банк белгілеген шетел валютасын сатудың ағымдағы бағамы бойынша, тиісті операцияны жасаған сәтте Банктің қолданыстағы тарифтеріне сәйкес сондай айырбастауды жүргізгені үшін комиссиялар сомасын Заемшыдан өндіріп алып, жүргізуге;

9) оған банктік кепілдікті өтеуге қысқа мерзімді банктік заем сомасы аударылған, оны бенефициардың шотына аударуға дейін, Заемшының банктік шотын бұғаттауға (сондай шот бойынша шығыс операцияларын уақытша тоқтатуға);

10) Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің акцепті бар Заемшының өтінім-офертасына/Қосымша шартқа, банктік кепілдікке және Келісімге сәйкес банктік кепілдік бойынша бенефициардың пайдасына орындаған міндеттеме, сондай-ақ Банк көтерген барлық шығыстардың, комиссиялар мен Келісімде /Банктің акцепті бар Заемшының өтінім-офертасында/Қосымша шартта/Банк тарифтерінде қарастырылған сыйақы мөлшерінде Заемшыға кері талап қоюға;

11) Заемшыдан банктік кепілдіктер бойынша барлық берешек, оның ішінде комиссиялардың, шығыстардың, Келісім шеңберінде шығарылған банктік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді Банктің орындауына байланысты көтерген шығындардың, залалдардың, тұрақсыздық айыптарының сомаларын төлеуді талап етуге; көрсетілген сомаларды Заемшының кез келген банктік шоттарынан акцептісіз тәртіппен тікелей дебеттеу арқылы өндіріп алуға;

12) Банктің уәкілетті тұлғалары банктік кепілдікке қол қойғанға дейін Заемшы банктік кепілдікті шығару бойынша қызметтен бас тартқан жағдайда, банктік кепілдіктің күші мерзімінен бұрын жойылған және т.б. кезде, Келісімге/Банктің акцепті бар Заемшының өтінім-офертасына/Қосымша шартқа/банктік кепілдікке сәйкес бұрын төленген комиссиялық сыйақы сомаларын қайтаруды жүргізбеуге;

13) егер Құрал банктік заем түрінде берілсе, Құралды беру күнінде біржолғы комиссиялық сыйақы сомасын Заемшының тиісті банктік шотына есепке алынған заем сомасынан акцептісіз алып алуға;

14) заем мерзімінен бұрын өтелген жағдайда, есептелген және төленбеген сыйақыны, соның ішінде осындай өтеу жүргізу күніне есептелгенді және мерзімі шегерілгенді бірінші кезекте өтеуін талап етуге;

14) мына жағдайларда:

операцияларды зерделеу процесінде Заемшы іскерлік қатынастарды қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланады деген күдік туындаған жағдайда;

Заемшының банктік шоты бойынша шығыс операцияларын жүргізуден бірнеше рет бас тарту немесе банктік шоттары бойынша барлық операцияларды тоқтата тұру;

кез келген елдің (мысалы, OFAC) немесе халықаралық ұйымның (FATF және БҰҰ-ны қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей) юрисдикциясына сәйкес салынған Заемшыға және (немесе) оның үлестес тұлғаларына қатысты санкциялардың болуы;

Банкте Заемшының/Заемшы контрагентінің операциялары халықаралық экономикалық санкциялардың ықпалына түседі немесе халықаралық экономикалық санкциялардан жалтаруға бағытталған деп пайымдауға негіз бар болса;

банктік шот шартында айқындалған жағдайларда Келісімді орындаудан біржақты бас тарту арқылы Заемшымен іскерлік қатынастарды тоқтатуға құқылы;

15) Банктің Келісімде, Қаржыландыру шарттарында, Қамтамасыз ету шарттарында және Қолданылатын құқықта көзделген өзге де **құқықтары бар**.

3. Банк:

1) келесі жағдайларды қоспағанда:

Келісімде және (немесе) Қосымша шартта көзделген жағдайларда Заем алуға және оған қызмет көрсетуге байланысты сенімді ақпарат беру міндеттемесін Заемшы бұзған;

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген жағдайларда және:

Банкті алдын ала жазбаша хабарландырусыз заңды тұлға-Заемшының жиынтығында 10 (он) және одан көп пайыздағы акцияларын (қатысу үлесін) иеленетін қатысушыларының (акционерлерінің) құрамының өзгеруі;

Заемшының және (немесе) кепіл берушінің кепіл ұстаушы болып табылатын Банктің кепілмен Қамтамасыз етуді құжаттар бойынша және нақты болуын, мөлшерін, жай-күйін және сақтау талаптарын тексеру құқығын бұзу, сонымен қатар үшінші тұлғалардың Заемшы және (немесе) кепіл беруші мүлкіне, оның ішінде Қамтамасыз ету ретінде кепілге берілген мүлікке талаптар қою жағдайларында Банктің Шарт бойынша Заемшы міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындауды талап ету құқығының туындауы жағдайларын қоспағанда, Келісімді және (немесе)

тиісті Қосымша шартты жасасу күніне белгіленген сыйақы мөлшерлемесін біржақты тәртіппен ұлғайтпауға.

Көрсетілген жағдайларда сыйақы мөлшерлемесі келесі тәртіпте ұлғаяды:

сыйақы мөлшерлемесін ұлғайтуды шамалаған күнге дейін 5 (бес) Жұмыс күні бұрын Банк Заемшыға жаңа сыйақы мөлшерлемесін көрсете отырып, оны ұлғайту себептері туралы жазбаша хабарлама жібереді;

Банк мұндай хабарламаны жіберген күннен бастап 5 (бес) Жұмыс күні ішінде Заемшы жаңа сыйақы мөлшерлемесімен келіседі немесе Банкке негізді жазбаша қарсылығын береді. Заемшы жаңа сыйақы мөлшерлемесінен бас тартып, Қосылу шартының осы тармақшасында көрсетілген мерзім ішінде өз берешегін мерзімінен бұрын толық өтеуге құқылы;

Банк Заемшыдан жаңа сыйақы мөлшерлемесіне қатысты негізді жазбаша қарсылығын алған жағдайда, Банк оларды қарастыруға және реттеуге байланысты шаралар қолданады.

Егер Тараптар қарсылықтар бойынша келісімге келе алмаса, Заемшы оларды реттеу үшін сотқа жүгінуге құқылы.

Сыйақы мөлшерлемесін ұлғайту мәселесі бойынша келіспеушіліктердің болуы, оның ішінде Заемшының сотқа жүгінуі Заемшының жаңа мөлшерлеме бойынша сыйақы төлеу міндеттемесіне әсер етпейді;

2) егер Келісім және (немесе) Қамтамасыз ету туралы шарттың талаптарында Қамтамасыз ету болып табылатын мүліктің нарықтық құнын анықтау мақсатында бағалау жүргізуге және (немесе) сақтандыру туралы шарттар бекіту талаптары көзделсе, Заемшыны және кепіл берушіні сақтандыру ұйымын және (немесе) бағалаушыны таңдауда шектемеуге, сонымен қатар Заемшыға (жеке тұлғаға) өз өмірі мен денсаулығын сақтандыру міндетін жүктемеуге;

3) 1 (бір) жылға дейінгі мерзімге берілген Құралды алған күннен бастап 6 (алты) ай өткенге дейін, 1 (бір) жылдан асатын мерзімге берілген Құралды алған күннен бастап 1 (бір) жыл өткенге дейін негізгі борышты толық немесе ішінара мерзімінен бұрын өтеу жағдайларын қоспағанда, Келісімнің 4-бабында көзделген тәртіпте және талаптарда Құралдар бойынша Берешекті мерзімінен бұрын өтегені үшін тұрақсыздық айыбын және айыппұл санкцияларының басқа түрлерін ұстамауға;

4) егер негізгі борышты және сыйақыны өтеу күні мерекелік немесе демалыс күндерге түсіп, сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізілсе, тұрақсыздық айыбын және айыппұл санкцияларының басқа түрлерін ұстамауға;

5) Заемшы өтініші бойынша, Келісім және Қосымша шарт бойынша берешекті өтеу ретінде шотқа түсіп отыратын ақша түсімін ажыратып-бөлу (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл санкцияларының басқа да түрлеріне, сондай-ақ басқа да төленуге тиіс сомаларға ажырату) туралы ақпаратты, үш жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде, жазбаша нысанда, айына бір реттен асырмай, ақысыз беруге;

6) Заемшының Келісім және Қосымша шарт бойынша берілген ақшаны Банкке ішінара немесе толығымен мерзімнен бұрын қайтару туралы өтініші бойынша, негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл санкцияларының басқа да түрлеріне, сондай-ақ төленуі тиіс басқа сомаларға бөлініп, қайтарылуға тиіс ақша сомасының мөлшері туралы Заемшыны үш жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде, ақысыз хабардар етуге;

7) Келісімде көзделген тәртіпте Келісім және (немесе) Қосымша шарт талаптарының жақсарту жағына қарай өзгергені туралы Заемшыға хабарлауға;

8) міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда, бірақ ол басталған күннен бастап күнтізбелік жиырма¹/он² күннен кешіктірмей Заемшыны Келісімде көзделген тәсілмен және мерзімдерде:

хабарламада көрсетілген күнге мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, Келісім, Қосымша шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың мерзімі өткені және Келісім, Қосымша шарт бойынша төлемдерді енгізу қажеттілігі туралы;

Заемшының Келісім, Қосымша шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы хабардар етуге;

Егер хабарлама Заемшыға Келісімде көзделген мынадай тәсілдердің бірімен:

Келісімде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына жіберілсе;

¹ Хабарлама жіберудің көрсетілген мерзімі 2024 жылғы 01 қазанға дейін күшінде болады

² Хабарлама жіберудің көрсетілген мерзімі 2024 жылғы 01 қазаннан бастап күшінде болады

Келісімде көрсетілген тұрғылықты жері бойынша оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберілсе, оның ішінде көрсетілген мекенжайда тұратын Заемшының кәметке толған отбасы мүшелерінің бірі алған болса;

Заемшының хабарлама алғанын тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып жіберілсе (оның ішінде «Onlinebank Haluk» жүйесі арқылы), ол жеткізілген болып есептеледі.

Хабарламаны адресатқа, алушыға берудің мүмкін еместігі туралы не оны қабылдаудан бас тартуына, сондай-ақ осы тармақшада көрсетілген өзге де байланыс құралын пайдалану кезінде оның қабылданғанын растамауына байланысты белгі соғылып қайтарған жағдайда, хабарлама тиісті түрде жіберілген болып есептеледі;

9) Заемшының жазбаша өтінішін қарауға және жазбаша жауап әзірлеуге;

10) біржақты тәртіпте:

Келісім шеңберінде комиссиялардың және өзге төлемдердің жаңа түрлерін енгізбеуге;

заемға қызмет көрсету бойынша комиссиялардың және басқа төлемдердің Келісімді бекіту күнінде белгіленген мөлшерін ұлғаю жағына қарай және есептеу тәртібін өзгертпеуге;

11) мына жағдайлардан басқа жағдайда, Келісім шеңберінде жаңа Құралдар беруді біржақты тәртіппен тоқтатпау:

Қосылу шартының 4-бабының 6-тармағында көзделген;

Заемшы Келісім бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайларда;

халықаралық қаржылық есептілігінің стандарттарына сәйкес келетін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына және (немесе) Банктің ішкі кредиттік саясатына сай Банк жүргізетін мониторинг нәтижелері бойынша анықталған Заемшының қаржылық жағдайы нашарлағанда;

Банктің Келісімді тиісті түрде орындауына әсер ететін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары өзгертілгенде;

Заемшы Кредит желісін игеруді Лимит валютасынан өзге валютамен жүргізгенде Келісім бекітілген күні Банк белгілеген бағамға қатысты Операция жасалатын күні Банк белгілеген бағам айтарлықтай (25 %-дан астам) өзгертін болса;

Банктің кредиттік ресурстарды тарту және (немесе) қалыптастыру талаптары және (немесе) көздері өзгертілгенде, мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей (Келісім жасалған күннен бастап):

- Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының тиісті шешімдер қабылдауы және/немесе;

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің (0,1 %-дан астам пайызға) ұлғаюы және/немесе;

- теңгеге шетел валютасы (АҚШ доллары, еуро, ресей рублі, юань) бағамының (5 %-дан астам) ұлғаюы және/немесе;

- инфляция (5 %-дан астам);

12) Банктің Келісім және Қосымша шарт бойынша құқығы (талап етуі) үшінші тұлғаға өту талаптары қамтылған шарт (бұдан әрі – талап ету құқығын басқаға беру шарты) жасалған кезде:

талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалғанға дейін құқықтардың (талап етулердің) үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай басқаға беруге байланысты Заемшының дербес деректерінің өңделетіні туралы Келісімде көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен;

талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Заемды өтеу жөніндегі бұдан былайғы төлемдердің үшінші тұлғаға (Келісім және Қосымша шарт бойынша құқық (талап ету) өткен тұлғаның атауы және тұрған жері) тағайындалатынын, берілген құқықтардың (талап етулердің) толық көлемін, сондай-ақ негізгі борыштың, сыйақының, комиссиялардың, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының және төленуге жататын басқа да сомалардың қалдықтарын көрсете отырып, құқықтың (талап етудің) үшінші тұлғаға өткені туралы Келісімде көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен Заемшыны (немесе оның уәкілетті өкілін) хабардар етуге **міндеттенеді**.

7-бап. Дауларды шешу тәртібі. Хабарламалар

1. Келісім бойынша даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасын қолдана отырып Қазақстан Республикасының соттарында ерекше сотта қаралу жағдайларын қоспағанда, Банктің немесе Құрал берілген Банк филиалының орналасқан жерінде Банк қалауымен (шарттық соттылық) шешіледі.

2. Банктен Заемшыға хабарламалар Банк мұндай хабарламаларды келесі тәсілдердің бірімен: курьерлік немесе пошта қызметі арқылы; электрондық пошта арқылы; факс арқылы; ұялы және өзге телефон байланысы арқылы (SMS-хабарлама жіберу арқылы); Банктің ақпараттандыру нысандары (оның ішінде «Onlinebank Halyk» жүйесі арқылы); тиісті ақпаратты Банктің филиалдарында/бөлімшелерінде/www.halykbank.kz мекенжайы бойынша веб-сайтында орналастыру арқылы жіберген болса, тиісті түрде ресімделген болып саналады (Қосылу шартының 6-бабы 3-тармағының 8) тармақшасында көрсетілген жағдайларды қоспағанда).

Заемшыға тікелей берген жағдайда ғана жеткізілген болып есептелетін, жеке қолға немесе курьер қызметі арқылы табысталатын жазбаша талаптарды, курьер қызметінің Заемшы жеткізу мекенжайында болмауына байланысты жеткізу мүмкін еместігін растауын немесе Заемшының жазбаша талаптарды алудан бас тартуын қоспағанда, жазбаша талаптар жоғарыда көрсетілген тәсілдердің кез келгені арқылы, жазбаша талаптарды алғаны туралы Банк растау алусыз, жеткізілсе, жазбаша талаптар Заемшыға жеткізілген болып, ал Заемшы тиісті түрде хабардар етілген болып есептеледі (Қосылу шартының 6-бабы 3-тармағының 8) тармақшасында көрсетілген жағдайларды қоспағанда).

1. Заемшыдан Банкке хабарламалар Заемшы мұндай хабарламаларды: Банктің уәкілетті қызметкеріне алғаны туралы қол қойғызып, табыстау арқылы; курьерлік немесе пошта қызметі арқылы жіберген болса, тиісті түрде ресімделген болып саналады.

3-1. Адресаттың хабарламаны алған күні:

жеке өзіне немесе курьерлік қызмет арқылы табысталатын хабарламалар үшін - Заемшы қол қойып алған күн не курьерлік қызмет Заемшының болмауына байланысты оған хабарламаны жеткізуді жүзеге асыра алмаған күн не Заемшы хабарламаны алудан бас тартқан күн;

Банкке тапсырыс хатпен жіберілетін хабарламалар үшін – жөнелтілгеннен кейін күнтізбелік 3 (үшінші) күн (жөнелту кезінде пошта ұйымы берген құжаттың күнімен);

факс арқылы жіберілген хабарламалар үшін – факс нөміріне жіберудің сәтті аяқталғаны туралы факсимильдік аппараттың үзінді көшірмесі болған жағдайда жөнелту күні;

ұялы байланысты пайдалана отырып, электрондық пошта арқылы жіберілген хабарламалар үшін – хабарламаның жіберілген күні (жөнелту туралы хабарлама болған кезде);

ұялы және өзге телефон байланысы бойынша хабарламалар (дауыстық хабарламалар, SMS-хабарлама беру арқылы) үшін – қоңырау шалу немесе SMS-хабарлама жіберу күні мен уақыты;

Банктің филиалдарында/бөлімшелерінде/веб-сайтында орналастырылған хабарламалар үшін – хабарламаны орналастыру күні болып есептеледі;

«Onlinebank Halyk» жүйесінде орналастырылған хабарламалар үшін – хабарламаны орналастыру күні болып есептеледі.

4. Банк хабарламалар жіберу үшін пайдаланатын Заемшы деректемелері, байланысу деректері өзгерген кезде Заемшы өзгерістер орын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Банкке бұл туралы хабарлама жіберуі тиіс, егер Банк өзгерістер туралы ауызша айту жеткілікті деп анықтаса, Банк байланыс орталығының қызметіне қажетті ақпаратты хабарлауы керек.

5. Заемшы Банкті жазбаша хабарландырмаған, Заемшы байланыс деректерінің және (немесе) деректемелерінің өзгеруінен туындаған Банк хабарламасын Заемшының алмағанына немесе уақытында алмағанына Банк жауапты болмайды.

6. Заемшы алаяқтық, жіберілген ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу, Заемшының хабарламаларды алмау немесе уақытында алмау, хабарламаларды беру немесе алу үшін пайдаланылатын құрал-жабдықтар жұмысындағы ақаулар және (немесе) жедел байланыс құралдарының жұмыс істеуіндегі іркілулерден туындаған Заемшы немесе Банк ақпаратты алғанға дейін оны жоғалту тәуекелдерін қоса алғанда, бірақ шектелмей хабарламаларды жіберу және (немесе) алу мақсаттары үшін жедел байланыс құралдарын пайдалануға байланысты тәуекелдерді Заемшы өзіне қабылдайды.

7. Егер Заемшы Банктің өз міндеттерін қасақана орындамауы немесе ұқыпсыздығы салдарынан зияндар туындағанын дәлелдесе, Банк Қосылу шартының осы бабының 5-тармағында көрсетілген жағдайларда Заемшының кез келген шығындары үшін жауап бермейді.

8-бап. Қорытынды ережелер

1. Банк Қосылу шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы, егер өзгесі көзделмесе, олар Интернет желісінде Банктің www.halykbank.kz веб-сайтында жарияланған күннен бастап күшіне енеді және күшіне енгеннен кейін бекітілген Жеке келісімдерде қолданылады.

Қосылу шартына енгізілген өзгерістер және толықтырулар күшіне енгенге дейін мұндай өзгерістер мен толықтырулар Банк пен заемшылардың арасында Жеке келісімдерге қосымша келісімдер бекітілген жағдайда қолданылады.

2. Тараптар Қосылу шартының талаптарына өзгерістерді Жеке келісімге қосымша келісім бекіту арқылы енгізе алады. Мұндай өзгерістер аталған нақты Жеке келісімнен туындайтын Тараптардың қарым-қатынасына қолданылады.

3. Жеке келісім Заемшы барлық Қосымша шарттар бойынша Құрал сомасын мерзімінен бұрын толық өтеген күнінен бастап және Заемшы тарапынан Банк алдында осы Қосылу шартында көзделген өзге орындалмаған міндеттемелері болмағанда, өз күшін мерзімінен бұрын жойған болып есептеледі.

4. Келісім шеңберінде жасалған барлық шарттар және оған барлық қосымшалар, егер олар жазбаша нысанда жасалып, Тараптардың қолы қойылған және олардың мөрлерімен куәландырылған болса (Заемшының мөрі қалауы бойынша қойылады), Қосымша шарттар Келісім жасалған барлық тұлғалармен жасалмайтын жағдайларды қоспағанда (Қосылу шартының 2-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес), оның ажырамас бөліктері болып табылады. Келісім, оның барлық қосымшасы, Қосымша шарттар және Қамтамасыз ету туралы шарттар бірыңғай құқықтық құралды білдіреді және олардың әрқайсысы өзара бір-бірінің ажыратылмас бөліктері болып табылады.

5. Банк пен Заемшы арасында бекітілген (бекітілетін) басқа да келісімдерге (атап айтқанда, банктік шот шарттары және т.б.) қатысты алғанда, егер Тараптардың келісімімен өзгеше қарастырылмаса, даулы мәселелер бойынша Келісімге басымдық күш беріледі. Тараптар Жеке келісімге қол қойғаннан кейін мұның алдындағы талқылаулардың, уағдаластықтардың және ұсыныстардың барлығының, сондай-ақ барлық хат алмасудың заңдық күші жойылатындығына және Келісім талаптарымен ауыстырылатындығына келісті.

6. Қосылу шартында анықталмаған Келісім талаптары Жеке келісімде белгіленеді. Қосылу шарты мен Жеке келісім арасында қарама-қайшылықтар туындаған жағдайда, Жеке келісімді басшылыққа алу қажет. Қосылу шартында және Жеке келісімде реттелмеген Келісім бойынша Тараптардың қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының заңнамасында реттеледі.

7. Егер Келісімнің мәтіні бойынша басқасы көзделмеген болса, Келісімде және қосымшаларда қолданылатын бас әріппен берілген терминдердің мәні келесідей болады:

Қосымша шарттар -	Келісімнің шеңберінде және орындау мақсатында, жекелеген Құралдарды алу талаптарын нақтылайтын (белгілейтін) Тараптар арасында бекітілетін шарттар (мәмілелер); аксессуарлық шарт; Заемшының өтініші, Банктің банктік кепілдік шығару бойынша Банктің әрекеті түрінде Банк акцептісі бар Заемшының өтінім-офертасы, сондай-ақ Келісімге байланысты және Келісімге кез келген нысанда сілтемесі бар Тараптар (немесе Банк және үшінші тұлғалар) арасында бекітілетін шарттар, соның ішінде Қамтамасыз ету шарттары.
Құралдар немесе Қаржы құралдары -	банктік заем, банк кепілдігі, аккредитив, шартты міндеттемелер, банк кепілгерлігі, вексельдегі аваль, векселдерді есепке алу, лизинг, факторинг, форфейтинг,

	қаржы құралдарының немесе кредит беру нысандарының өзге түрлері.
Лимит -	Қаржы құралдарының шекті сомасы.
Қолжетімді қаражат -	Келісім бойынша Қолжетімділік кезеңі шеңберінде пайдаланылмаған Лимиттің сомасы немесе оның бір бөлігі.
Берешек -	Заемшы өтемеген (қайтармаған), жасалған мәмілелер бойынша (бенефициардың талап етуімен Банктің үшінші тұлғалар пайдасына төлегеніне немесе төлемегеніне байланыссыз Банк берген кепілдіктер, аккредитивтер сомасын қоса) Заемшы алған Құралдың сомасы, сондай-ақ Келісім мен Қосымша шарттардың талаптары бойынша Банктің пайдасына төленуі тиіс басқа да сомалар (сыйақы, жоғары сыйақы, тұрақсыздық айыбы, комиссиялық сыйақы және т.б.). Мәтін бойынша «Берешек» түсінігі жеке Қосымша шарт бойынша нақты берешек сомасын білдіруі мүмкін.
Кредит желісі -	Банктің Келісім бойынша банктік заемдар, аккредитивтер, банктік кепілдіктер, вексельге аваль жасау, вексель есебін жүргізу және кредит берудің басқа нысандарын немесе қандай да бір қаржы құралын беру нысанында Заемшы пайдасына, сондай-ақ үшінші тұлғалар пайдасына жасалатын Қосымша шарттарға сәйкес бірнеше рет қаржыландыру.
Жаңартылуы -	Келісімде белгіленген, оның шеңберінде Құралдарды беру және өтеу жүргізілетін берешек лимиті. Бұл ретте Құралдардың өтелетін бөлігі берешек лимитінің бос бөлігін ұлғайтады.
Жаңартылмауы -	Құралдарды белгіленген лимит шеңберінде беруді білдіреді, бұл ретте Құралдардың өтелген бөлігі кредит берудің бос Лимитін ұлғайтпайды.
Қамтамасыз ету -	Қолданылатын құқықта, Келісімде, Қосымша шарттарда немесе өзге шарттарда (мәмілелерде), оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Банктің үшінші тұлғалармен бекіткен мәмілелерінде қарастырылған кепіл, кепілдік, кепілгерлік, мүлікті ұстап қалу, кепілақы және Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің басқа тәсілдері.
Кепіл мәні	Заемшының Банкке заем сомасын қайтару, заем бойынша сыйақы, тұрақсыздық айыбын төлеу, Келісім бойынша Банктің шығындарын өтеу бойынша міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ететін, сондай-ақ Заемшының Банктің алдындағы Келісімде және Қамтамасыз ету шарттарында көрсетілген өзге міндеттемелерін орындау үшін Кепіл беруші Банкке кепілге ұсынған жылжымалы және жылжымайтын мүлік.
Міндеттемелер -	Заемшының Қосымша шарт бойынша, Келісім бойынша міндеттері (міндеттемелері), оның ішінде Берешекті өтеу бойынша және Келісімге қол қойылатын күні болатын өзге міндеттемелері, сондай-ақ Заемшының Келісімді орындау шеңберінде Қосымша шарт бойынша пайда болатын міндеттемелері.
Операция -	Келісім бойынша белгіленген Лимит шеңберінде Құралды беру, Құралды жоспарға сәйкес /мерзімінен бұрын ішінара қайтару, Құралды толығымен қайтару.
Қолжетімділік кезеңі -	Келісімге қол қойылған күннен кейінгі келесі күннен бастап, Келісімде анықталғандай, Қолжетімділік кезеңінің соңғы

	күні аяқталатын, Заемшы Банктен Кредит желісін игеруді (қандай да бір Құралды алуды) талап ете алатын уақыт кезеңі.
Жоғары сыйақы -	Мына: мерзімі кешіктірілген берешек қалдығының сомасы (негізгі борыш және сыйақы) * мерзімі кешіктірілген күндер саны * айыппұл мөлшерлемесінің мөлшері/360 күн (жылда) - формула бойынша есептелген сома.
Қолданылатын құқық -	Қазақстан Республикасының құқығы.
Жұмыс күні -	Қолданылатын құқыққа сәйкес жұмыс күні деп танылған, дүйсенбіден бастап жұма күнін қоса алғандағы және басқа кез келген күн (демалыс және ресми, оның ішінде Қолданылатын құқыққа сәйкес мерекелік, жұмыс күні емес күндерді қоспағанда).
Кредит желісінің мерзімі -	Заемшы Құралдарды алатын және егер Келісімде басқа өтеу (төлеу) мерзімі қарастырылмаған болса, Келісім бойынша кезеңнің соңғы күні Берешек Банкке өтелуі тиіс уақыт кезеңі.
Дербес деректер бойынша келісім -	Дербес деректер субъектінің Дербес деректерін Банктің жинауына және өңдеуіне келісім.
Дербес деректер -	мәліметтер негізінде айқындалған немесе айқындалатын Дербес деректер Субъектісіне қатысты, электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген сол мәліметтер.
Дербес деректер субъектілері -	Дербес деректер жататын жеке тұлғалар (оның ішінде Заемшының үлестес жеке тұлғалары, Заемшының жеке тұлға-серіктестері, қатысушылары, Заемшының жеке тұлғалар болып табылатын түпкі меншік иелері)
Ковенант -	Белгілі бір әрекетті орындауға немесе оны орындаудан бас тартуға Заемшының Келісім бойынша міндеттемесі.
Кредит айналымдары -	бұл белгілі бір кезеңде (күн, ай, тоқсан, жарты жыл, жыл) жүргізілген және ағымдағы шот бойынша үзінді көшірмеде көрсетілген, Заемшының Банктегі ағымдағы шотына барлық есептеулердің жиынтығы;
Транш -	Банктің қарауы бойынша: 1) Банктің акцептісі бар Заемшының өтінім-офертасы; 2) Заемшының жазбаша өтінімдері негізінде Қосымша шарт бекіту арқылы i) Заемшының жазбаша өтінімдері негізінде Қосымша шарт бекіткенде; ii) банктік кепілдіктер нысанында Келісім шеңберінде ұсынылатын Құралдар сомасының бір бөлігі.
Күнделікті төлем	мөлшерін Банк белгілейтін және Заемшыға заем алған кезде хабарлайтын, Заемшының Банктегі шоттарынан күнделікті есептен шығарылып, Қамтамасыз ету төлеміне аударылатын белгілі бір сомадағы ақша.
Ай сайынғы төлем	төлем кестесіне сәйкес Келісімде көзделген мерзімдерде жоспарлы төлемді өтеуге жеткілікті ақша сомасы.
Карта	иесіне электрондық терминалдар немесе басқа да байланыс арналары арқылы төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға немесе қолма-қол ақша алуға немесе валюта айырбастауға және осы Қартаны шығарған Эмитент банк белгілеген және оның шарттарында басқа да операцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ақпаратты қамтитын электрондық төлем құралы.
Қамтамасыз ету төлемі	Заемшының Келісім бойынша міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету мақсатында Банкке беруге міндетті ақша сомасы.

Операция/Төлем/Транзакция/QR	Кәсіпорынның интернет-дүкенінде картаны пайдаланып жасалатын, тауарды/қызметті қолма-қол ақшасыз төлеу операциясы
Кәсіпорын	заңды тұлға (коммерциялық және коммерциялық емес ұйым) немесе заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға – тауар сату/қызмет ұсынудың шарттары мен тәртібі туралы ақпаратты, сондай-ақ өзіне тиесілі Web-сайтта/Банктің Web-сайтында/Мобильді қосымшасында/«Homebank» қаржы порталында немесе мобильді қосымшада тапсырысты ресімдеу мүмкіндігін іске асыру үшін құралдарды орналастыру арқылы тауарларды сатуды немесе қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының резиденті.
Шот	Заемшының Банкте ашылған банктік шоты
POS-терминал	Заемшының сауда және қызмет көрсету орнында орнатылған электрондық терминал – POS-терминал, соның ішінде SIM-картасы бар GSM-POS-терминал, Кәсіпорынның смартфонна орнатылған Halyk POS-терминалы, Банк ұсынған және Onlinebank арқылы қосылған Halyk POS немесе Halyk QR қосымшасы орнатылған смартфон, оның көмегімен Картадағы магниттік жолақтың немесе микропроцессордың ақпаратын оқу немесе карта иесінің/шот иесінің мобильді қосымшасы цифрлық кодты (QR) оқуы арқылы Транзакция жүзеге асырылады

9-бап. Тараптардың заңды мекенжайлары және деректемелері

Тараптардың заңды мекенжайлары, деректемелері және қолдары Жеке келісімде көрсетіледі.